

Астана қаласы ШЖҚ КММ «№75 мектеп-гимназия»

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бірлестігі мұғалімдерінің
2023-2024 оқу жылындағы онкүндік аясында
атқарған жұмыстарының есебі



Жетекшісі: Гайнуллина Г.Т.

Астана қаласы-2023

«№75 мектеп-гимназия» ШЖҚ ККМ
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бірлестігі бойынша
2022-2023 оқу жылындағы онкүндік аясында
атқарған жұмыстарына талдау есебі

«Ұлтымды ұлықтаған-Ұлыларым» тақырыбындағы қазақ тілі мен әдебиет пәні әдістемелік бірлестігінің онкүндігіне арналған жұмыс жоспары құрылып, жауапты адамдар қатары анықталды.

«Ұлтымды ұлықтаған-Ұлыларым»
тақырыбындағы қазақ тілі мен әдебиет пәні әдістемелік бірлестігінің
онкүндігіне арналған іс-шаралар жоспары
04 желтоқсан - 14 желтоқсан 2023 жыл

- **Мақсаты:** Оқушылар мен мұғалімдер арасында мемлекеттік тілді насихаттай отырып, олардың тілге деген қызығушылығын арттыру.
- **Міндеті:** Оқушыларға мемлекеттік тілдің қоғам өміріндегі маңызын түсіндіру. Көшбасшылыққа, жаңашылдыққа, тәжірибе жасауға және іс-әрекетке ұмтылу.

| № | Іс-шаралар | Өткізілу түрі | Мерзімі | Уақыты | Өтетін орны | Сыныбы | Жауапты |
|-------------|--|--------------------------------|---------------|-------------|------------------|------------|---|
| Тәрбие күні | Арқа парақтарына фото ілу | фото | 04.12.2023 | Апта бойы | 1-қабат | 1-11 сынып | Кайруллина Г.А. |
| | Дәліздерді қанатты сөздермен безендіру | қанатты сөздер | 04-14.12.2023 | Апта бойы | 1-қабат | 1-11 сынып | Оразбаева А.Қ. Кайруллина Г.А. |
| | №75 мектеп-гимназиясы «Ұлтымды ұлықтаған-Ұлыларым» атты қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің ӘБ онкүндігіне белсене қатысуға шақырады. | Видео ролик | 04-06.12.2023 | Апта бойы | 1-қабат | 1-11 сынып | Гайнуллина Г.Т. Мырзахметова А.Т. |
| | «Ұлтымды ұлықтаған-Ұлыларым» атты қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің ӘБ онкүндігінің ашылу салтанаты | Әдеби-музыкалық мерекелік шара | 04.12.2023 | 10.25 | №75 МГ, Акт залы | 8-11 сынып | Керимова Г.Е. |
| | «Ұлтымды ұлықтаған-Ұлыларым» атты апталықтың ашылу салтанаты | Лездеме | 04.12.2023 | 15.25 | №75 МГ, Акт залы | 5-7 сынып | Қамытбекова А.Н Оразбаева А.Қ. Тулеуова Г.Қ. |
| | «Қазақ әндерінен» караоке | Ән айту | 04.12.2023 | 09.25-09.40 | 1-қабат | 2-11 сынып | Бардосова Л.С. Гайнуллина Г.Т. Қамытбекова А.Н Кайруллина Г.А. Оразбаева А.Қ. |
| | «Ұлттық құндылықтарды қаншалықты білеміз?» | Әдеби репортаж | 05.12.2023ж | 9.35-15.00 | Оқу кабинеті | 8-11 | Құсман Дамелі |
| | «Қазақ киносының майталмандары» реалити-шоу | Реалити-шоу | 05.12.2023 | 13.00 | Акт залы | 6 | Қамытбекова А.Н. Гайнуллина Г.Т. |

| | | | | | | |
|--|---|----------------|-----------------|-------------------|----------------------|--|
| Оқуға құштар мектеп «Бір сынып-бір кітап» | Кітап оқу сайысы | 06.12. 2023 | 13.00 | Кітапхан а | 5 сынып | Кенжебекова Ж.Қ. |
| «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» | Абай оқулары | 06.12. 2023 | 13.30 | Кітапхан а | 4-5 сынып | Тұрсынхан Г. Алтаева Ш.Т. |
| Брейн-ринг сайысы | Білім сайысы | 06.12. 2023 | 12.50- 13.30 | 313 каб | 10 БГЖЗ | Ергасенова А.Н. |
| «Білім майталмандары» білім әлемінде... | Зияткерлік ойын | 07.12. 2023 | 11.30 | Акт залы | 10 сынып, 11 Е | Мырзахметова А.Т. |
| «Бәрін білгім келеді» | Ойын | 07.12. 2023 | 12.50- 13.30 | 313 каб | 9 Г | Ергасенова А.Н. |
| Әбілхан Қастеевтің 80 жылдығына арналған сурет көрмесі сайысы | Білім сайысы | 08.12. 2022 | 13.00 | Кітапхан а | 7 сынып | Тулеуова Г.Қ. |
| Қызықты қазақ тілі әлемі | Сайыс сабақ | 08.12. 2022 | 14.00 | 322 каб | 5 И | Қобытаева А.Ж. |
| Қыз сыны «Тал бойың нәзік қызғалдақ гүлдей...» | Құндылық тар сайысы | 08.12. 2023 | 12.00 | Акт залы | 2 сынып | Бардосова Л.С. Қамытбекова А.Н. Гайнуллина Г.Т. |
| «Алғырлар мен тапқырлар» | Сайыс | 08.12. 2023 | 12.05- 12.45 | 313 каб | 11 ГДЖ | Ергасенова А.Н. |
| Алдар Көсе мен Қожанасыр қонақта... «Ертегілер әлеміне саяхат» | Ұлттық ойындар, қуыршақ театры | 11.12. 2023 | 14.00 | I қабат | 4-7 сынып | Кенжебекова Ж.Қ. |
| «Желтоқсан үні» әдеби- музыкалық кеш | Әдеби- музыкалық кеш | 11.12. 2023 | 14.00 | Кітапхан а | 7 сынып | Исмаилова Р.Қ. |
| «Поэзия менімен егіз бе едің?» | Поэзия сағаты | 12.12. 2023 | 09.25 15.25 | Әдебиет бұрышы | 6-11 сынып | Керимова Г.Е. |
| «Қазақ жерінен келген елші» | Сахналық қойылым | 12.12. 2023 | 13.00 | Акт залы | 8 Л | Жандельдинов а Г.С. |
| «Қызықтар алаңы» 9 сыныптар арасында зияткерлік ойын | Білім сайысы | 13.12.202 3 | 13.00 | Акт залы | 9 сынып | Серикбаева З.У. |
| Өзге ұлт өкілдерімен «Қызықты қазақ тілі» сайысы | Шеберлік сағаты | 13.12. 2023 | 13.00 | Кітапхан а | Мұға лімдер | Турсумбеков Б.Қ. Тұрсынхан Г. |
| «Ұлтымды ұлықтаған- Ұлыларым» атты онкүндіктің қорытынды концерті | Әдеби- музыкалық концерт | 14.12.202 3 | 13.00 | Акт залы | 2-11 сынып | Гайнуллина Г.Т. Мырзахметова А.Т. Керимова Г.Е. Қамытбекова А.Н. Бардосова Л.С. |

| | | | | | | | |
|------------|--|-----------|------------|-------|--------------|---------------------|---|
| Білім күні | 7-8 сынып оқушылары арасындағы мектепшілік олимпиада | олимпиада | 09.12.2022 | 10.00 | 312, 314 каб | 7-8 сынып оқушылары | Тапсырма дайындайды: Тулеуова Г.Қ.-7 кл Бардосова Л.С.-8 кл Өткізуге жауапты: Оразбаева А.Қ. Құсман Д. |
|------------|--|-----------|------------|-------|--------------|---------------------|---|

Биылғы оқу жылында онкүндік 04.12-14.12.2023ж. күндері аралығында өтті. Қазақ тілі мен әдебиет пәні әдістемелік бірлестігі онкүндігінің ашылу салтанаты 04.12.2023 ж. күні болды. Апталықтың ашылу салтанатын қазақ тілі мұғалімі Г.Е.Керимова қазақ сыныптары оқушыларымен бірге өткізді. Қазақтың басына түскен нәубет заманын, Алаш ұлыларының өмірін оқушылар образға кіре отырып сомдаған өте мағыналы, ерекше форматта ұйымдастырылған іс-шара болды. Концерт соңында мектебіміздің түлегі, «Шабыт» өнер академиясының 4-курс студенті Бағланқызы Еңлік «Туған ел» әнін орындап, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді.





- Жоспарға сәйкес, ««Білім майталмандары» білім әлемінде...» тақырыбында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі А.Т.Мырзахметованың ұйымдастыруымен 10-11 сынып оқушылары арасында дебат сайысы өткізілді. Дебат сайысы барысында оқушылардың өз ой - пікірлерін ашық айта алатындығы, берілген тақырыпқа жақсы дайындықпен келгендігі байқалды. Көтерілген мәселеге байланысты ақпараттармен оқушылар таныс, осы мәселені жақтаушы топ пен даттаушы топ өздерінің нақты мақсаттарын біледі, тұщымды ой пікірлерін жеткізе білді. Ұйымдастырушы мұғалім де өз жұмысына жауапкершілікпен қарап, үлкен дайындықпен келген.





Жоспар бойынша көптеген шаралар атқарылды. Әсіресе, оқушылар «Қазақ әндерінен караоке» шарасына белсене қатысты. Бұл шара 4 буынға бөлініп өткізілді. Бұл шараны өткізу барысында оқушылардың үзіліс уақытын тиімді пайдаланып, әрі заманауи үлгідегі қазақ әндеріне қызығушылықтарының жоғары екендігін байқадық. Бұл шараның негізгі мақсаты - үзіліс уақытында оқушылардың би ырғағындағы әдемі дене қимыл-қозғалыстарын қалыптастыра отырып, ұлттық музыкаға, өнерге деген оқушылардың қызығушылығын ояту, үзілісте пайдалы іспен айналыстыру. Бұл шараны қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері Г.Т.Гайнуллина, Г.Е.Керимова, А.Т.Мырзахметовалар ұйымдастырды. Өте пайдалы, қызықты шара болды.

«Ұлттық құндылықтарды қаншалықты білеміз?» тақырыбында әдеби репортаж өткізіліп, оқушылардан сұқбат алынды. Бұл репортажды қазақ тілі пәнінің жаңадан келген мұғалімі Құсман Дәмелі ұйымдастырып өткізді. Репортаж барысында оқушылардың ұлттық құндылықтар жөніндегі білімдері, жеті ата туралы түсініктері анықталды.



«Қазақ киносының майталмандары» реалити-шоуды 6 А сынып жетекшісі А.Н.Қамытбекова мен бірлестік жетекшісі Г.Т.Гайнуллина ұйымдастырып өткізді. Бұл шара қазақ киносының майталмандары Шәкен

Айманов пен Сабира Майқанованың 110 жылдық мерейтойы қарсаңына орай өткізілді. Оқушылар қазақ киносының құнды жәдігерлерімен, тарихымен таныса отырып, өздері де Шәкен Айманов киностудиясындағы атақты кинолар «Тақиялы періште», «Менің атым-Қожа» фильмдерінен үзінділер орындады. Оқушылар қызығушылықпен белсене қатысты.



7 А сыныбы. «Желтоқсан үні» әдеби-музыкалық кештен үзінді





Оқуға құштар мектеп «Бір отбасы-бір кітап» кітап оқу сайысы 5 сынып оқушылары арасында ұйымдастырылып, жеңімпаздары анықталып, марапатталды. Бұл шараны қазақ тілі мұғалімі Ж.Қ.Кенжебекова мен Ш.Т.Алтаева өткізді. Оқушылар шараға белсене қатысты.





Жоспар негізінде «Тал бойың нәзік қызғалдақ гүлдей...» тақырыбында 2 сынып оқушыларымен қыз сыны сайысы өткізілді. Бұл сайысқа қатысушылар да, ата-аналары да үлкен дайындықпен келді. Сайысы ережесіне сай 4 бағытта оқушылар өз өнерлерін көрсетті. Тамылжыта ән де айтып, мың бұрала би де биленді. Қолжетімді материалдан ұлттық үлгідегі сән көйлектері қандай әдемі! Бұл шараны 2 сыныптың қазақ тілі мұғалімдері Л.С.Бардосова, А.Н.Қамытбекова, Г.Т.Гайнуллиналар өткізді.





«Қазақ жерінен келген елші» сахналық қойылымын 8 М сынып оқушыларымен қазақ тілі мұғалімі Г.С.Жанделдинова өте жоғары деңгейде ұйымдастырып өткізді. Ата-аналармен тығыз байланыста жұмыс жасалған.





Өзге ұлт өкілдерімен «Қызықты қазақ тілі» сайысын қазақ тілі мұғалімдері Б.Қ.Турсумбеков пен Г.Т.Тұрсынхан ұйымдастырды. Бұл шараға оқушылар белсене қатысты.



Жалпы қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігінің онкүндігінде жоспарланған көптеген іс-шаралар атқарылды. Ауа-райының қолайсыздығына байланысты кейбір шаралар кешіктіріліп өткізілді. 7-8 сынып оқушылары арасындағы мектепшілік олимпиада осы онкүндік жоспары аясында өткізіліп, жеңімпаздары анықталып, хаттамасы жазылды. .

Барлық өткізілген шаралар мектептің инстаграмм желісінде видеорилик ретінде күнделікті жаңартылып, салынды. Бұған жауапты А.М.Кайкенова өз ісіне жауапкершілікпен қарады.

Қорыта айтқанда, «Ұлымды ұлықтаған-Ұлыларым» тақырыбындағы қазақ тілі мен әдебиет пәні әдістемелік бірлестігінің онкүндігіне арналған қазақ тілі мен әдебиет пәні әдістемелік бірлестігінің іс-шаралары өз деңгейінде өтті деп баға беруге болады.

Бірлестік жетекшісі:

Гайнуллина Г.Т.